Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

25 сәуір 2025 жыл іс №7119-25-00-2-3744 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президенті іс Басқармасының Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Deko Trade» Алмабаева Лиза жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Президенті іс Басқармасының Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Deko Trade» Алмабаева Лиза жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Deko Trade» Алмабаева Лиза жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

«Deko Trade» Алмабаева Лиза жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу

тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Құжатқа қол қойылған: Нұрсапинов Н. С., 25.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.06.2025, судья Нурсапинов Н. С., 17.06.2025